

ДИНИ АҒЫМДАРДЫҢ ҚОҒАМҒА КЕРІ ӘСЕРІ



□ Дәстүрлі емес діни ағымдардың тез таралуына негіз болған факторлардың бірі: елімізде алғаш қабылданған дін туралы заңның кейбір тармақтарының әлсіз тұстарын діни топтар өз мүдделеріне жақсы пайдалануы болды. Атап айтатын болсақ Қазақстан Республикасының бұрынғы 1992 жылғы «Діни наным-сенім бостандығы туралы» заңында кез келген мүдделес топ 10 адам жинаса болды діни бірлестік құруға рұқсат берілген еді. Нәтижесінде еліміздің тарихы мен діни тәжірибесінде болмаған, жаңа діни бірлестіктер өз ілімдерін таратып, қазақ халқының тұтастығына қауіп тудыра бастады.



Секта туралы не білесіз?



Секта сөзі латынның «sekta» сөзінен шыққан, алғашқыда ол екі мағынада қолданылды: біріншісі- бір заттың бөлігі де екінші мағынасы- сана образы, оқу дегенді білдіреді.

Бұл сөз «secaге» - кесіп тастау (бүтіннің бөлігі) және «sequi» - ізіне түсу (қандай да болсын оқудың артынан ілесу) сөздерімен мағыналас.

Және бұл сөздердің көрініс табу сипатына лайық «тоталитарлық секта» деген ұғым қолданылады. Демек, секта азаматтарға тек қана өз пікірін таңып мақұлдату, зорлық-зомбылық көрсету, еркінен тыс әрекет пен мүлкін тартып алу, тіпті кісі өміріне қауіп төндіру сияқты істерімен ерекшеленеді.



Экстремизм термині сөзбе-сөз (лат. *extremus* – шеткі) шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығару деген сөз.




Терроризм – латынша terror –қазақша қорқыныш, үрей деген сөз.

Яғни, саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану.



- ▣ **Радикализм** - жақтастары өмір сүріп отырған әлеуметтік-саяси жүйені сынға алатын және түбегейлі өзгерістер мен реформалардың жүргізілуін талап ететін саяси ағым; 2) қандай да бір істердегі жағдайды түбірімен түбегейлі өзгертудегі талпыныстардың, тәуекелді ымырасыз талаптардың жүзеге асырылуы.

ЕЛІМІЗДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АҒЫМДАР



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде:

1. «Аль-Каида»
2. «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс»
3. «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс»
4. «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»)

Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешімі негізінде:

5. «Асбат аль-Ансар»
6. «Мұсылман бауырлар» (Братья-мусульмане)
7. «Галибан» қозғалысы
8. «Боз гурд»
9. «Орталық Азиядағы Жамағат можәһидтер»
10. «Лашкар-е-Тайба»
11. «Әлеуметтік реформалар қоғамы»

Ислам атын жамылған керағар

ағымдар:

- Қазіргі уақытта кез келген діни тұрғыдағы террористік және экстремистік ұйымдар мен топтардың артында алпауыт мемлекеттердің мүдделері, саяси мақсаттары жатқандығы, яғни қатыгездік діни идеологиялардың қалыптасуына шетелдік арнайы қызметтердің ықпалы бар екені белгілі болып отыр.
- Күштеу экстеризміне қарсы тұру үшін радикалды идеялардың пайда болу себептерін, өзара жіктелуін, радикалды тұлғаларды анықтау, олардың сыртқы белгілері, пікірлері және радикалдану кезеңдерін білген орынды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай радикалды діни идеологиялар, діни тұрғыдағы қатыгездік және күштеу әрекеттері, Ислам дінін Құран мен хадистің мазмұнын толық білместен тікелей қабылдап, адасудың нәтижесінде туындап отыр.
- Исламды осындай жолдармен түсіндіретін діни ағымдарға «салафизм» идеологиясын насихаттаушыларды жатқызуға болады. Олар өздерін ешқандай өзгерістер мен жаңалықтар енгізілмеген әуел бастағы «таза исламды» ұстанушылармыз деп түсіндіреді.
- Бұл идеологияның негізін салушы 1263-1328 жылдар аралығында өмір сүрген,

шейх-уль ислам Таки-эд-Дин Ибн Тәймия болып табылады. Қазіргі кезде көптеген террористік және экстремистік ұйымдар Ибн Тәймияның теориялық еңбектеріне сүйенеді.

Ибн Тәймиядан кейін аталған идеологияны ағылшынның арнайы қызметі Саудиялық Мухаммад ибн Абдул Уәһһаб (1703-1792) арқылы қайта жандандырып, үлкен күшке айналдырды. Бұл керағар дәстүрлі емес діни ағымның атауы «Ваһһабизм» немесе «Салафизм» атауымен



«Мәдиналықтар» немесе (сурруриттер) деп аталады.

- Бұл ұйым мүшелері шейх Абу Мусьаб ас-Сури («Әскери бағдарлама» деген еңбектің авторы) іліміне сүйенеді. Бұл ағымдағылардың ұстанымы бойынша мемлекет заңдылығы Шариғат заңына қарсы келмеуі керек. Мемлекетті әділ мұсылман адам басқару керек. Олар Қазақстанда бірінші болып, ҚМДБ-нан бөлек діни қоғамдастық құруға әрекеттенген, мұсылман атын жамылған бүлікші топ.
- Мәдиналықтардың мадхалиттерден айырмашылығы, олар «жиһадты» ашық қолдайды.



«Әт-Такфир уәл хиджра» идеологиясы - өткен ғасырдың 70-ші жылдары Мысыр университеттеріндегі студент жастардың арасында қалыптасты.

«Такфир» қозғалысының негізін салушы 1942 жылы туылған мысырлық Мустафа Шукри есімді азамат. Бұл қозғалыстың мақсаты бөлек мұсылман қауымын құру арқылы зайырлы мемлекеттік қағидаларға қарсы күресу.

Такфиршілер Ислам дінін өздері бірден-бір дұрыс бағыт деп сенетін уахабилік түсінік бойынша ұстанбаған мұсылмандардың барлығын «кәпірлер», «дінсіздер» деп жариялайды.

Зайырлы мемлекет заңдылықтарын ұстанатын Қазақстанды – кәпірлер елі («Дар уль куфр») деп атайды.



Ибн Тәймияның ілімдерінен бастау алған, имам Рабия ибн-Мадхали еңбектерінің негізінде «салафи-мадхалиттер» пайда болды. Аталған ілімді ұстанушылар қарулы «Джихад» идеологиясын ашық қолдамайды. Заңды мемлекет басшыларына қарсы шығу жолын ұстанбайды. Зайырлы мемлекет заңдылықтары Құран мен сүннетке қарсы келмейді сондықтан, мемлекет заңдарымен жүруге дұрыс болады деп есептейді. Сондай-ақ бұл жолдағылар адамды кәпір деп қателескеннен гөрі, мұсылман деп жаңылысқанды орынды деп санайды. Солай дей тұрып, мадхалидтік жамағат ислам рухани құндылықтарын бір жақты түсінеді.

Діни сипаттағы қауіп-қатер

- Салафиттердің Абай, Шәкәрім және басқа да қазақ ойшылдары ұстанған Қазақстан мұсылмандарының дін ұстанымына негіз болған, Матруди діни-сенім мектебін теріске шығаруы.
- Аллаға дене мүшелерін: бет, қол, тізе, таққа отыру, аспаннан түсуді және т.б. ұғымдарын беретін Алланың қасиеттері мен есімдері туралы үздіксіз айтыс жүргізу.
- Құран мен сүннет бойынша дұрыс Ислам туралы айтыс, яғни, тек солар ғана Ханафи мәзһабын теріске шығарып, дұрыс дінді ұстанады-мыс.
- Ғибадат етудің екінші кезектегі мәселелері бойынша ұдайы айтыс жүргізу. Тек Құран мен хадистерден үзінді келтіру, сөзбе-сөз түсіну. Олар үшін мазмұн емес, түрі маңызды.
- Мұсылмандар Алланы еске түсіру, әрі Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айту ол арқылы исламның адамзатқа ортақ, өлшеусіз құдірет-қасиеттерінің қоғамға игі әсерінің молая беруінің бір жолы-Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с.) туған күні-Мәулід арқылы жергілікті мұсылмандарға рухани азық, адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық, ізгілік идеялары мен адалдық, тазалық, білім-ғылым, мәдени әлеуметтік өмір салтының жағымды, өркенді жолының қалыптасуына үлес қосу мүмкіндігі екенін түсіне алмайды.
- Өздерінің салафи шейхтары: Ибн Тәймия, Ибн Қайим, Ибн Баз, Усаймин және олармен пікірлес ғалымдарды ғана мойындайды. Мұсылман елдерінің өзге аймақтарында ислам ғалымдарының жергілікті аймақтардағы мәселелеріне орай атқарған зерттеу, ғылыми еңбектерді мойындамайды.
- Ислам жораларын ұстанбайтындарға шектен тыс қатал, кейде этностарды өздерінің діни ұстанымына қарай жіктерге бөлуге ұмтылады. Оларды “бір құдайшылдар” және басқалар:
- Намаз оқитындар, бірақ, аруақтарға сыйынатын “пұтқа табынушылар” – деп бөлу, әрекеттеріне бой алдырады.

Қазақ халқының діни ұғым, дәстүрлеріне байланысты:

- 1- Қарт кісілердің жастарға беттерін сипап, берген “батасын” теріске шығару.
Сүннет бойынша бетті қолмен сипауға болмайды-мыс.
- 2- Келіннің күйеуінің ата-анасына иіліп сәлем бергенін теріске шығару, бұл олардың пікірінше Алладан басқа тағы да біреуге табыну болады-мыс.
- 3- Мұсылмандардың молаға зиарат етуін теріске шығарады, пұтқа табыну болады-мыс.
- 4- Құранды өлген адамдарға арнап оқуды теріске шығарады.
- 5- Өнерді теріске шығарады.

Қазақтардың дәстүрлі ұлттық киіміне байланысты:

- 1- Арабтар мен пакистандықтардың киімдеріне еліктеу
(еркектердің ұзын көйлектері мен орамалдары)
- 2- Балағы қысқа немесе кесілген шалбар киеді, “тірсектен түскен киім-тозақ отына барады”.
- 3- Ұзын әрі күтілмеген сақал өсіру, бұл құдайдан қорыққандықтан-мыс. Олар сақал қоюды уәжіп санайды.

Туыстық қатынастарға байланысты:

- 1- Ата-аналары дайындаған тамақтан, олар намаз оқымай дайындады деп, бас тартып қарсыласады.
- 2- Ата-ана, ағайын туыстары, дос жаран, тамыр-таныс, көрші қолаң мен қарым-қатынаста үйлену тойлары, туған күн, мерекелер, еске алулар, діни-рухани рәсімдердің бәрі олар үшін жағымсыз, шарифатқа қайшы әрекет.
- 3- Әйел, қызбалалар, олар үшін бір зат немесе екінші сортты, тіпті құл-күң дәрежесінде ұғынылады.
- 4- Басқа туыстарымен араласқан кезде, өздерінің Ислам туралы жеке түсінігін тықпалайды және олардың ойынша “мешіттерде сауатсыз имамдар отырғандықтан” тек қана өздерінің уәһабилікті дәріптеуші ұстаздарының тағдырын талап етеді.

Таблиғ жамағаты

Аталған ағымның негізі 1927 жылы Үндістанның Дели қаласы маңындағы Меват елді мекенінде қаланған. Бұл діни ілімнің негізін қалаушы: Мәуләна Мұхаммед Ілияс Кандехлеви (1885–1944) – суфизмнің диубандийлық бағытының идеологы.

- Мәуләна Мұхаммед Ілияс 1944 жылы қайтыс болғаннан кейін бүкіл Үндістанға тарай бастады. Үндістаннан бастау алған жамағат аз уақыт ішінде Пәкістан мен Бангладешке тарап үлгерді. Бүгінде Сирия, Иордания, Палестина, Ливан, Мысыр, Судан, Ирак, Хижаз елдеріне тарап, Еуропаға дейін қанат жайды. Мәуләна Мұхаммед Ілиястан кейін оның жұмысын жалғастырушы өзінің ұлы Мәулана Мұхаммед Юсуф (1917–1965) болды.

Теріс ықпалды әрекеттері:



- Таблиғ жамағаты төрт мәзһабтың ешқайсысын ерекшелеп мойындамайды, ұстанбайды.
- Ислам дінінде отбасының қамын ойлау, перзенттеріне қамқорлық жасау, оларға дұрыс тәрбие беріп отыру, өмірлік жарының ақысын беру де мұсылман адамның негізгі міндеттеріне жатады. Алайда бұл топқа қосылып, дағуат жасап жүргендердің осы жағынан бірқатар кемшіліктері байқалады. Отбасылары мен бала-шағасын тастап, үш, жеті немесе қырық күнге шығып кетеді. Содан отбасыларының шырқы бұзылып, тұрмысы нашарлап, тіпті кейбір жанұя ажырасуға дейін барып жатады.
- Олардың Пәкістан тұрғындарының үлгісімен киінуі жұртқа ерсі көрінеді. Тіпті, арасында өзі алқам-салқам, кір-қожалақ киініп, бірақ тазалық пен пәктікті насихаттауы Исламға кір келтіретіні де жасырын емес.



Ирак және Шам Ислам мемлекеті (қысқаша: **ИШИМ, ИСИМ** немесе **ДАИШ**) — радикалды исламизм (*сәләфи-жиһади-тәкфири*) идеологиясын ұстанатын әскери лаңкестік ұйым және халықаралық қауымдастық мойындамаған квазимемлекет. Ислам мемлекетінің тарихы 2003 жылы АҚШ Саддам Хусейн басқарған Иракқа соғыс ашқан кезден бастау алады. 1990 жылдардан бастап Әл-Қағидамен байланысы бар «Таухид және жиһад» жамағатының жетекшісі Әбу Мұсғаб әз-Зарқауи соғыс басталғаннан кейін бір жыл өткен соң әйгілі лаңкес Усама бен Ладенге серт беріп, Әл-Қағиданың Ирактағы бөлімшесін құрды. 2006 жылы әз-Зарқауи қаза тапқаннан кейін оның жақтастары бірқатар экстремистік топтармен бірігіп «Ирак Ислам мемлекетін» құрды. 2009 жылға қарай толығымен дерлік жойылған бұл топ 2010 жылы Әбу Бәкір әл-Бағдади басшы болып тағайындалғаннан кейін қалпына келе бастады.

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ





واليوم، نحن في جنوب روما، في أرض الإسلام ليبيا، نرسل رسالة أخرى



Христиан протестанттық бағытындағы діни ағымдар:



- Бүгінде христиандық ғалымдар барлығы 1000-нан астам әртүрлі бағыттағы діни топтарды есепке алып отыр. Протестанттықтағы жаңа діни қозғалыстардың, конфессиялардың нақты санын білу мүлдем мүмкін емес, өйткені жоғарыда айтылып кеткендей, христиан теологиясында шіркеулердің бірнеше көзге көрінбейтін, көрінетін, ғаламдық, жергілікті және отбасылық түрлері өмір сүреді.
- Өздерінің діни ілімдерінің мазмұнына, діни рәсімдерінің атқарылуына қарай жаңа христиандық, жаңа бағдарламалық, оккультиестік, жаңа пұтшылдық болып бөлінеді.
- Дәстүрден тыс діндер белсенді миссионерлік қызметімен ерекшеленеді

□ **Иегова куәгерлері** – қазірде жылдам жетіліп келе жатқан шіркеулердің бірі. Діни ағым 1878 жылы Притебургте Чарльз Тейз Рассел қалап, жеке шіркеу ашты. 1931 жылы бұл ұйым «Иегова куәгерлері» деп аталды.

Орталығы АҚШ-тағы «Бруклин орталығы» деген ұйым. Екі жүзден астам елде жұмыс істейтін жүзге жуық филиалы бар. «Сторожевая башня» және «Пробудитесь» деген журналдары 160 тілде миллиондаған тиражбен шығарылады.

Иегова куәгерлері әскерде қызмет етуге қарсы. Иегова куәгерлері ізбасарларының арасында әскери қызметін өтеуден бас тарту және бой тасалау фактілері де кездеседі.

Мемлекеттік рәміздерді мойындамайтын, отан қорғауды борыш санамайтын шіркеу қан құюға да қарсы. Әрқайсы мынандай қолхат толтырып, қалталарына салып жүруге міндетті. Онда "алда-жалда маған медициналық көмек қажет боп жатса, қан құюға қарсымын. Бірден шіркеуге хабар беріңіздер" делінген.



Баптистер - «Баптист» гректің «шомылдырамын» деген сөзінен шыққан. Олар республикада ХХ ғасырда ғана пайда болды. Олардың діни ілімінің жүздеген жылдық тарихы бар. Тұңғыш баптист қауымдары Голландия мен Англияда ХҮІІ ғасырда пайда болды. Кейіннен Америкаға тарады. Қазір ол АҚШ-та христиан конфессиялары мен деноминациялары ішінде жетекші орында. Баптизм Еуропаға ХІХ ғасырда тарай бастады.

- Орта Азия Түркі тілдес мемлекеттері арасында белсенді түрде жұмыс жүргізіп, кеңінен таралған ұйымдасқан баптистер осы елдердегі бірнеше шіркеу мен христиандық қоғамды өз іс-шараларында құрал ретінде қолданған. Әйтсе де өздерінің мінәжат ететін орындары, шіркеулері және мәдени орталықтары да бар. Миссионерлік бағытты ұстана отырып, евангелист, иегова куәгерлері және басқа да миссионерлік ағымдармен бірлесе отырып жұмыс жасауда. Қазақстанның өзінде қазіргі таңда 250 ғибадатханалары бар.

Саентология шіркеуі – 50-ші жылдардың орта кезінде АҚШ-та пайда болды. Оның негізін салушы Лафайет Рон Хаббард (1911-1986). Шындығын айтқанда, саентологияның шіркеуге ешқандай қатысы жоқ. «Шіркеу» деген олардың бүркеншік аты.

Қазір әлемдегі, соның ішінде ТМД елдерінде ең ықпалды дәстүрлі емес ағым - осы.

Елуінші жылдары «Дианетика» ғылымын «ойлап тауып», оны қазіргі заманғы адамның рухани саулығы туралы ғылым деп атаған. Бірақ, Хаббардтың «ғылымын» ғалымдар теріске шығарған соң, оны дін деп атап, «шіркеу» деген атау беріп, өңін өзгерте салған. Алайда, осы күнге дейін оны ешқандай дәстүрлі дін өкілдері мойындаған емес. Еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитеті саентология шіркеуінің үстінен қылмыстық іс қозғады. Алматы қаласындағы саентология шіркеуіне тінту жүргізіліп, одан адамдардың денсаулығына зиян келетін, қолдануға тыйым салынған шетелдік дәрі-дәрмектер тәркіленді. Ал жақында

Қарағанды қаласындағы Қазыбек би атындағы аудан прокурорының талабы бойынша ауданаралық мамандандырылған экономикалық соты «Қарағанды қаласының саентология шіркеуі» діни бірлестігін жабу туралы үкім шығарды. Онда аталмыш діни бірлестік адамдардың денсаулығына, атап айтқанда, психикасына зиян келтіретіні айтылған. Міне, он жылдан астам тайрандаған саентология шіркеуінің «қызметіне» осылайша шектеу жасалды.



Ібілістің құлшылық ету және салт-дәстүрлерін жасау қауышу жиналысында (шабаштарда) жүзеге асырылады. Шабаштарда, ереже бойынша, ерлер де, әйелдер де жиналады, жекелеген топтарға айрықша абыздар басшылық жасайды. Дегенмен олардың жоралғысының үш түрі бар: жыныстық, қайырымдылық не аяушылық, бұзушылық. Аздаған және нашар ұйымдастырылған. Ібіліс топтары біздің елімізде кездеседі.

- **Сатанизм** – Ібіліс шіркеуін құрушы Антон Ла Вей (Сан-Франциско, 40 жылдары). Оның негізгі идеясы «Сатана Таурата» атты еңбегінде. Ібіліс күші билік пен табысқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін күштің көзі деп жазды. Ібіліс күші «Қараңғылықтың күші». Оның негізгі ұраны - «Әлсіздерге - өлім, күштілерге - байлық» және адамдардың өз-өзін танытуында барынша еркіндік беру.

- 1986 жылы АҚШ-ның Вирджиния қаласының жергілікті кришнаиттер қоғамының басшысы Бхактипада мен оның жақын көмекшілерінің заңға қайшы әрекеттері әшкереленді.

- 1995 жылы Германия Федеративтік Республикасының Елшілігінің Вербальдық нотасында Халықаралық Кришна санасы қоғамы деструктивті ұйымдардың қатарына жатқызылса. 1996 жылы Санкт-Петербургта өткен ғылыми-практикалық конференцияның шешімімен Халықаралық Кришна санасы қоғамына жалған дін деген анықтама берілді.



□ Кришна – Кришна санасы қоғамы 1966 жылы Бхактивендантқа Свами Прабхупаданың басшылығымен Нью-Йорк қаласында құрылды.

1970 жылдан бастап Бхактивендантқа Бук Траст баспасы Прабхупаданың кітаптарын 40 тілде таратады. Қазір қоғамның дүние жүзінде 60-тан астам мемлекетте 400 ге жуық храмдары, орталықтары бар.

1988 жылы мамырда «Кришна санасы Москва қоғамы» заңды түрде тіркеледі. Бұл қоғамның пайда болуымен Кеңес Одағының барлық республикаларында кришнаның таралуына жол ашты.

Кришна санасы – бұл нағыз йогашылардың дайындаған қолданыстағы йоганың ерекше формасы деп түсіндіреді. Йога үйретеміз деп жастарды өз қатарларына тартады.

Бұл қоғам Қазақстанның мәдени және рухани өміріндегі өз рөлін әр кез көрсетуге тырысып отырады. Апта сайын храмдарында дәріс өткізіп, вегетериандық дастархан ұйымдастырады. Келем деушілердің бәріне есік ашық, сонымен қоса әрбір қоғам мүшесі өзімен бірге қонақ әкеліп, өзінің рухани үйімен басқалардың танысуына мүмкіндік жасайды. Көп адамның осы қоғамға келуі осылай басталады десек болады.





*ДІНІМІЗДІ, ТІЛІМІЗДІ САҚТАУ-ҰЛТТЫЛЫҒЫМЫЗДЫ,
МЕМЛЕКЕТІМІЗДІ САҚТАУ. Н. НАЗАРБАЕВ*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің “Қазақстан-2050 қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына жолдауында:

“Мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс. Діни экстремизм қаупі ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Біз Жаратушыға деген кіршіксіз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек. Соқыр фанатизм біздің бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлде жат. Ол Қазақстанның мұсылмандары ұстанатын ханафи мазхабына қарама-қайшы”

Мемлекет басшысы: “Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негіз бар. Жалған діни көпірмеліктің артында қоғамның негізін күл-талқан еткісі келетін қылмыстық іс-әрекет жасырынып жатыр.

Бұл – біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл.

Бұл – біздің мемлекеттігіміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығының сынға түсуі.